Выпускники университета трудятся во всех предприятиях области и за его пределами, внося свой немалый вклад в развитие нашей страны. В честь славного юбилея разрешите мне пожелать Вам, всем членам коллектива и студентам успехов и удачи, а университету динамичного развития и достойного места в ряду лучших вузов Республики Казахстан.



**ӨМІРЗАҚ МАҚСАТ ЖАМБЫЛҰЛЫ**

*(2020-2022 жж., Информатика мамандығы)*

**Т.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ №123 МЕКТЕП–ЛИЦЕЙІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРІ**



Құрметті Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ұстаздары  
мен білім алушылары!

Университеттің 85 жылдығы құтты болсын.Еліміздеүздік университетке  
айналып, биік шыңдардан көріне берулеріңізге тілектеспін!





**ӨМІРЗАҚ АНАР**

*(2009-2013 жж., «Кәсіптік білім» мамандығы (Ақпараттық технология), 2019-2021жж., «Информатика» мамандығы)*

**С.ТОЛЫБЕКОВ АТЫНДАҒЫ №3 ІТ- МЕКТЕП- ЛИЦЕЙІНДЕ  
ИНФОРМАТИКА ПӘН МҰҒАЛІМІ**



Біз бұл оқу орнына еліміздің түкпір-түкпірінен жиналды. Білім нәрімен сусындап, жаңа достар таптық. Бір-бірімізді қолдап, қиын сәттерде кеңес бердік. Университеттің бізге берген құнды тәжірибесі, білімі, ұстаздары біздің мықты маман болып шығып, үлкен өмірге нық қадам басуымызға жол ашты. Бізге өмір сабақтарын үйреткен ұстаздарға рақмет айтамын! Мерейтой құтты болсын!



**ӨТКЕЛБАЙ БИБІНҰР АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ**

*(2016-2020 жж., Технологиялық машиналар және жабдықтар мамандықтар)*

**«CHAMPION» ШАХМАТ КЛУБЫ ЖӘНЕ «ҚОРҚЫТ АТА» ОҚУ  
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ**



Адам мамандық таңдауда және жар таңдауда қателеспеу керек. Қорқыт Ата университеті - жастардың болашақтағы өз сүйікті жұмысын таңдауға, жоғары білім алуға, сапалы біліктілікте жұмыс жасауға даярлайтын Қызылорда қаласындағы бірегей жоғары оқу орны.

Тарихы тереңде жатқан университеттің жастарға берері мол. Ғылым мен білім еліміздің даму жолындағы негізгі қадам десек, университеттің берген құнды тәжірибесі болашақта түлектергесенімді ұстын болмақ. Бізге білім беріп, өмір сабақтарын үйреткен ұстаздарыма алғысымды білдіремін.

Қорқыт Ата университетінің 85 жылдығы құтты болсын!



**САДЫБЕКОВА САЛИМА ИЗБАСҚАНҚЫЗЫ**

*(1978-1982 жж., Ағылшын тілі мамандығы)*

**ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ  
ПРАКТИКАЛЫҚ АҒЫЛШЫН ТІЛІ КАФЕДРАСЫНЫҢ ДОЦЕНТІ**



Еліміздің білікті, бәсекеге қабілетті, үш тілді еркін меңгерген маман-кадрларын даярлауда, білім мен ғылымды дамыту жолындағы сүйікті қара шаңырағымыз - университетіміздің туы әрқашанда биікке асқақтап, мәртебесі мен абыройы арта берсін! Үнемі қоян-қолтық, тынымсыз еңбек атқарып келе жатқан ұжымдастарыма шығармашылық жетістіктер мен толағай табыс тілеймін!

Мерейтойымыз құтты болсын!

My best regards, sincere congratulations and unfailing love to you, my Alma mater! Much more power to you relbow!



**САКТАГАНОВА НАРГУЛЬ АМАНОВНА**  
(1992-1997 жж., Өндірістік және азаматтық құрылыс мамандығы)  
**ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ ҒЫЛЫМ  
ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ДИРЕКТОРЫ, PhD**



**Мерейлі жасың құтты болсын, қасиетті ордам!**

Сыр елі ғылымы мен білімінің қара шаңырағы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне 85 жыл толып отыр. Бұл бір оқу орнының ғана емес, бүкіл қазақ жоғары білімінің мерейтойы болып табылады. Университетіміз осы 85 жылда талай-талай тағдырлы кезеңдердің, дәуірлік әлеуметтік-экономикалық оқиғалардың куәсі болды. Қазақ елі үшін білікті кадрлардың көптеген легін даярлап, ел дамуына өлшеусіз үлес қосып келеді.

Алғаш өмірге қадам басып, 1992-1997 жылдары «Өндірістік және азаматтық құрылыс» мамандығы бойынша білім алдым. Білімі мен біліктілігімді, тәлімімен тәрбиемді шыңдаған аяулы да ардақты ұстаздарым әлі күнге алдымда жол сілтеп келеді.

Қасиетті оқу ордамның профессор-оқытушылар құрамын, студенттерін және барлық қызметкерлерін маңызды мерейтоймен шын жүректен құттықтаймын!

Отанымыздың өркендеуін, сүйікті университетіме жоғары кәсіпқой даму мен гүлдену тілеймін!



**САРДАРОВА ЭЛЬВИРА АСАНБЕКОВНА**

*(1999-2003 гг., специальность - Иностранный язык: два иностранных языка)*

**СТАРШИЙ ПРЕПОДАВАТЕЛЬ КАФЕДРЫ ПРАКТИЧЕСКИЙ  
АНГЛИЙСКИЙ ЯЗЫК КЫЗЫЛОРДИНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ  
КОРКЫТ АТА**



Поздравляю любимый университет с 85-летием! Всегда помню и горжусь, что я выпускница самого лучшего высшего учебного заведения. Под этим небом, в этих стенах, с преподавателями связаны лучшие моменты юности, самые большие победы. За возможность каждый день становиться лучше, за воспоминания, друзей и коллег - я всегда буду ему благодарна.

Желаю всему коллективу Кызылординского университета имени Коркыт Ата двигаться только вперёд, продолжая нести в мир необходимый свет знаний и просвещения, а студентам и выпускникам научиться благодарить родную альма-матер!



**САРИЕВ РАУШАНБЕК АБИЛДАЕВИЧ**

*(1978-1983 жж., Физика-математика мамандығы)*

**ҚЫЗЫЛОРДА ОҚУШЫЛАР САРАЙЫ РОБОТОТЕХНИКА  
ҮЙІРМЕСІНІҢ ЖЕТЕКШІСІ**



**Құрметті Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің  
профессор-оқытушылар қауымы! Достар!**

Киелі шаңырақ- университетіміздің 85-жылдығы құтты болсын! Елімізге керек мамандарымызды даярлаудағы еңбектеріңіз еселене берсін. Білімді Қазақстанның өркендеуіге үлес қосатын студенттеріңіз көп болғай!





**СӘУЛЕБЕК ҒАЛЫМЖАН БЕКМЫРЗАҰЛЫ**

*(1998-2002 жж., Аудармашы ісі мамандығы)*

**"СЕНІМЕН БОЛАШАҚ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АТА-АНАЛАР ҚОҒАМДЫҚ  
БІРЛЕСТІГІНІҢ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ БАСШЫСЫ**



**Құрметті Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің  
профессор-оқытушылар құрамы!**

Сіздерді өзімнің түлеп ұшқан қара шаңырақ оқу ордамның мерейлі 85  
жылдығымен құттықтаймын.

Абай Хакім айтпақшы:

Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан болады.

Сондықтан университетіміздің көркейе беруіне тілектеспін.

Ал оқытушыларға қажым қайрат, мықты денсаулық және  
шығармашылық табыс тілеймін!



## **СЕРІКБАЙ ӘСЕЛ АРМАНҚЫЗЫ**

*(2018-2022 жж., Дене шынықтыру және спорт мамандығы)*

## **ШАХМАТТАН ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГРОССМЕЙСТЕР**



**Университеттің мерейтойымен ұжым мүшелерін, студенттерді  
шын жүректен құттықтаймын!**

Осы жоғары оқу орнына 4 жыл бойы алған білімім үшін, өзімді жеке тұлға ретінде өсіргені үшін алғысым шексіз.

Болашақта университетіміздің жылдан жылғы көркейіп, биік шыңдардан таныла беруіне тілектеспін!



**СЕРІКБАЕВА ВАЛЕНТИНА ЕРЖАНҚЫЗЫ**


*(1967-1971жж., Математика мамандығы)*

**ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ДОЦЕНТ,  
ҚР БІЛІМ БЕРУ ІСІНІҢ ҚҰРМЕТТІ ҚЫЗМЕТКЕРІ**



Сыр бойындағы іргелі оқу орны Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті өзінің 85 жылдық мерейтойын атап өтуге дайындық үстінде. Ұстаздар қауымы жас ұрпақты тәрбиелеуде, мамандарға сапалы білім беруде биіктерге өрлеп, Егемен еліміздің болашағын нығайтуға өз үлестерін қосып келеді. Жасампаз жұмыстарымен жеңіске жетіп, топ жарған ғалымдарымыз көбейе берсін!

Өріптестеріме, студент жастарға ұзақ ғұмыр, толағай табыс, істеріне береке тілеймін!



**СУЛЕЙМЕНҚЫЗЫ АЙНҰР**

*(2000-2004 жж., Құқықтану мамандығы)*

**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
"ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ" КММ - КАДР МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ  
ИНСПЕКТОРЫ**



**Құрметті Қорқыт Ата университетінің профессор-оқытушылары!  
Қадірлі достар!**

Сіздерді университетіміздің 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Осы керемет сәтті пайдалана отырып, барша дәріс берген ұстаздарыма шексіз ризашылығым мен алғысымды білдіремін! Сіздердің өрелі еңбектеріңізді ескере отырып, қызығы мен шыжығы қатар жүретін ұстаздық жолдарыңызға тек өрлеу мен өсу тілеймін!

Өрқашан шәкірттеріңіздің құрметі мен махаббатына бөлене беріңіздер. Шығармашылық ізденістеріңіз бен ғылыми жаңалықтарыңыз арта берсін. Әрдайым, абыройларыңыз асқақ, мәртебелеріңіз биік, мерейлеріңіз үстем болсын!



## **СУЮНДИКОВ ЖЕНИСБЕК АБДЫСАТТАРОВИЧ**

*(2002-2006 жж., Қолданбалы математика және информатика мамандығы)*

**"АБАЙ" АТЫНДАҒЫ ҮШ ТІЛДЕ ОҚЫТАТЫН ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА  
АРНАЛҒАН МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН СЫНЫПТАРЫ БАР  
МЕКТЕБІНІҢ ИНФОРМАТИКА ПӘНІ МҰҒАЛІМІ, ЗЕРТТЕУШІ-ПЕДАГОГ.  
"MURAGER PRODUCTION" КИНОСТУДИЯСЫНЫҢ ПРОДЮСЕРІ**



Сыр елінің бас жоғарғы оқу орны Қорқыт Ата атындағы Университеттің 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Түлектері тек қана ел аймақтарында ғана емес, сонымен қатар таяу және алыс шетелдерде қызмет атқарып жүргенін және жоғары біліктілік, жауапкершілік, білімдарлық көрсетіп, ерекшеленетіндерін үлкен мақтанышпен атап өту қажет. Қызылода ғана емес бүкіл республикамыздың атын дүние жүзіне танытып жүрген университет әрқашанда жүрегімізде. Университеттен алған білімім үшін мыңда бір рахмет айтамын! Менің өмірден өз орнымды таба білуге жол көрсеткен ұстаздарыма алғысым шексіз! Киелі шаңырақтың мәртебесі өсіп, өмірдің өрінен көріне берсін!



**ТАЖИМОВ СЕРИК МЕЙРБЕКОВИЧ**

*(2006-2010 гг., специальность - Нефтяное дело)*

**ЗАМЕСТИТЕЛЬ НАЧАЛЬНИКА ПО РАЗРАБОТКЕ МЕСТОРОЖДЕНИЙ  
АО "СНПС-АЙДАН МУНАЙ"**



**Дорогие преподаватели и студенты Кызылординского  
университета имени Коркыт Ата!**

Поздравляю Вас с юбилеем университета! Университет подарил мне самые яркие моменты жизни и потрясающих друзей! Я с большой теплотой вспоминаю свои студенческие годы, одногруппников и преподавателей.

Желаю Вам процветания, стабильного роста и благополучия во всем!





**ТАЖМАХАНОВ ЖАҒЫПАР АЙТБАЙҰЛЫ**  
(2002-2006 жж., *Тарих мамандығы*)  
**ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМУ**  
**БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ**



**Киелі қара шаңыраққа 85 жыл!**

Тиегі салулы, ішек-пернесі тағулы, құлағы келтіріліп қойған домбырадай тек шертсең болғаны – сайрай жөнелгің келетін студенттік шақты Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде өткізгенімді әрқашан мақтан тұтамын. Осы уақытқа дейін қаншама ақын жырына, қаншама жазушы әңгімесіне арқау қылса да, оқырманды жалықтырмаған студенттік өмір расында әркімге өзінше ыстық. Қызығы мен шыжығы, базары мен ажары, қуанышы мен қиындығы қатар жүретін аса бағалы сәттеріміздің куәсі болған бұл қара шаңырақ асу бермес асқарларды бағындыру жолында менің де қанатымды қомдады десем қателеспеймін. Тағдыр талайымды осы шаһармен байланыстырып, бүгінде мемлекеттік қызметте, оның ішінде елге мәдени-рухани азық сыйлайтын мәдениет саласында еңбек етіп келемін. Жыл сайын өрістеген құтты ордамыз Қорқыт Ата университетінің әрбір жаңалығына сүйсініп, әрдайым елеңдеп отырамыз.

Алашқа белгілі аймаңдай азаматтар мен аяулы ару қыздарды түлеткен қара шаңыраққа биыл – 85 жыл. Берекең ортаймасын, мерекең тарқамасын деп тілеймін!



## **ТӘЖЕКЕЕВ ӘЗІЛХАН ӘУЕЗХАНҰЛЫ**

*(2002-2007 жж., Археология және этнология мамандығы)*

### **ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ "АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ" ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ**



Біздің университетіміз түркі әлемінің абызы Қорқыт ата есімін алғалы білім беру, ғылым мен мәдениеттің ордасы ретінде Сыр өңіріндегі археологиялық ізденістерді жүргізу тұрақты бағыты болып қалыптасты. Шетелдік және отандық жетекші ғалымдармен бірлесе отыра, Арал маңының тарихи-мәдени мұраларын зерттеу мәселері бір жолға түсіп келеді. Еліміздің тарихының тереңдігі мен көп қырлылығының куәсі болып табылатын археологиялық ескерткіштерге деген қамқорлық пен жауаптылық, жан-жақты табанды зерттеулер Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің жалғастырап құндылықтарының бірі болып қала бермек. Университет ұжымы мен түлектерін білім ордамыздың 85-жылдығымен құттықтаймын!



**ТЕМИРОВА АКМАРАЛ БОЛАТОВНА**

*(1991 -1995 гг., специальность -Экономика и управление в отраслях  
АПК)*

**ЗАВЕДУЮЩАЯ КАФЕДРОЙ ЭКОНОМИКИ НАО «КАТУ ИМ  
С.СЕЙФУЛЛИНА», КАНДИДАТ ЭКОНОМИЧЕСКИХ НАУК**



**От всего сердца поздравляю университет с юбилеем!**

Являясь выпускником, гордо заявляю, что университет Коркыт Ата был и остается одним из передовых вузов в стране, дающий неизменно высокое качество образования. История вуза говорит о наличии традиций, о великих предшественниках, на которых хочется равняться. Отдельно хочу поблагодарить своего отца Б.Т.Темирова, а также, преподавателей и руководителей, которые дали нам «путевку в жизнь». В частности, К.А.Бисенов, К.К.Кудайбергенов, А.Г.Мухамеджанова, У.Ж.Шалболова.

Диплом КУ им. Коркыт Ата всегда был знаком качества, и я уверена, что так будет и впредь.

Хочу пожелать коллективу Университета процветания, больших творческих достижений, смелых проектов и новых открытий!



**ТЕМИРБУЛАТОВА АЙНУР АХМАТОВНА**

*(2012-2014 жж., Экономика мамандығы)*

**ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ҚҰЖАТТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ АРХИВ БӨЛІМІНІҢ  
БАСШЫСЫ**



Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің құрылғанына 85 жыл толған оқу орны өз тарихында Қазақстанның экономикалық және мәдени өсуіне, саяси-құқықтық өміріне, мәдениетіне, ғылым мен білім беру салаларына үлес қосып, еліміздің жоғары білім беретін оқу орындарының біріне айналды. Жаңа Қазақстан қарсаңында қазіргі білім әлемі барлық деңгейде жүйелі өзгерістермен сипатталады.

Еліміздің атын әлемге танытатын білімді де, талантты шәкірттеріміз көбейе берсін. Университеттің 85 жылдығын еңсерген оқытушы-профессорлар құрамы, өскелең ұрпаққа берер тәрбие, біліміміз сарқылмай, биік жетістіктерге жете беруге тілектеспін.

Университетіміздің оқытушы-профессорларын және әріптестерін 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!



**ТОБАЕВА АЙНҰР ШОРАБЕКҚЫЗЫ**

*(1996-2000 жж., Тарих, құқық және экономика мамандығы)*

**"АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ" МЕМЛЕКЕТТІК  
КОРПОРАЦИЯСЫ" КЕАҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ  
ОРЫНБАСАРЫ**



Оқу бітіргеннен бері, мен әрдайым өзімнің туған университетімді керемет эмоциялармен еске аламын! Тарих және құқық факультетінің қабырғасында өткізген әр күнім жылдам және жауапкершілікпен жұмыс істеуге үйретті. Осы қағидатты ұстану арқасында өңіріміздің көптеген азаматтары бүгінде табысты болуда.

Alma-mater-ді 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын және мүмкіндіктер кеңістігі шексіз болуын тілеймін!



**ТОБАШОВА ДЖАМИЛЯ ФАЙЗУЛЛАЕВНА**

*(1994-1998 жж., Қаржы, экономика және менеджмент мамандығы)*

**“ҒЫЛЫМ ҚОРЫ” АҚ ТАЛДАУШЫСЫ**



Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетін 85 жылдық мерейтойымен құттықтаймын!

Барлық профессор-оқытушылар құрамы мен университет басшылығына сол кездегі проблемаларға (электр жарығының үзіліспен берілуі мен жылудың жоқтығы) қарамастан сапалы білім мен тәлім бергені және студенттік уақытты қызықты өткізгеніміз үшін алғысымды білдіргім келеді.

Университеттің осы күнгі барлық жетістіктеріне шын жүректен қуана отырып әрі қарай жаңа белестерді бағындырып, Қазақстандағы жоғары білім берудің озық үлгісі болуын шын жүректен тілеймін!





**ТОКАНОВА ЖУЛДЫЗ ТЛЕУБЕРГЕНОВНА**

*(1995-1999жж., Экономика және менеджмент мамандығы)*

**ҚР СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ РЕФОРМАЛАР АГЕНТТІГІ  
ҰЛТТЫҚ СТАТИСТИКА БЮРОСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ  
БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАС МАМАНЫ**



Университеттің 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Мен осы қарашаңырақтың түлегі екенімді мақтан тұтамын. Өмірден өз орнымды таба білуге жол көрсеткен ұстаздарыма алғысым шексіз! Киелі шаңырақтың мәртебесі биік, мерейі үстем болсын! Ұлт болашағы-білімді шәкірттеріңіз көп болсын!



**ТОКАНОВА НУРГУЛЬ КАБДРАШИТКЫЗЫ**

*(1991-1995гг., специальность - Русский язык в казахской школе)*

**УЧИТЕЛЬ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ СРЕДНЕЙ ШКОЛЫ  
ИМЕНИ АБАЯТАРБАГАТАЙСКОГО РАЙОНА, ВКО**



Пусть процветает университет имени КоркытАта! Желаю лучших педагогов нашей страны! Я очень благодарна за то, что училась и воспитывалась в стенах этого замечательного вуза! Хотя я сама из ВКО, но все равно получила много знаний и воспитания на юге страны. Проучилась всего 5 лет, вернулась в свой аул. С теплотой в сердце вспоминаю те годы, которые так быстро пролетели! Цвети, расти университет моей юности!



**ТУЛЕНДИЕВ ЕРЛАН ЕРНИСОВИЧ**

*(2000-2005 жж., Тасымалдауды ұйымдастыру және көлікте қозғалысты басқару мамандығы)*

**“ ҚТЖ ЭКСПРЕСС - ЮЖНЫЙ” АҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ**



**Құрметті университет ұжымы!**

Еліміздің жоғарғы білім беру саласында елеулі орны бар Қорқыт Ата университетін 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Университет қабырғасында қанатымызды қатайтып сапалы білім, саналы тәрбие алдық. Ұстаздардың ұлағатын бойымызға сіңіріп, егеменді еліміздің экономикасының дамуына өз үлесімізді қосудамыз.

Университетіміз қасиетті дәстүр жалғастығын сақтай білген, жастарды заманауи біліммен сусындатып, қазіргі қоғамның алғашқы легінде бой түзеген оқу орны. Университет ұстаздарының ұшан — теңіз еңбектері еліміздің жарқын болашағы үшін атқарылғандығын біз жақсы түсінеміз. Осы үшін Сіздерге мың алғыс қадірменді — Ұстаздар!



**ТУРЕБАЕВ МУХИТ МУРАТБЕКОВИЧ**

*(1997-2002 жж., Қалалық құрылыс және шаруашылық мамандығы)*

**"СК И МОНТАЖ-СТРОЙ" ЖШС ДИРЕКТОРЫ**



**Құрметті Қорқыт Ата атындағы мемлеттік университет ұжымы,  
қадірлі ұстаздар және Университет түлектері!**

Сіздерді Алтын ұя, білім ошағымыздың 85 жылдық мерей тойымен шын жүректен құттықтаймын. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып болашаққа жол сілтеп, Еліміздің өсіп-өркендеуіне қажетті де, білікті маман даярлауда үлкен еңбек жасадыңыздар. Мен осы оқу орнында білім алғанымды мақтанышпен айтып жүремін. Сыр елінің құрылысына елеулі үлес қосып жүрген курстастарыммен мақтанамын. Біздің маман болып қалыптасуымызға аянбай еңбек еткен ұстаздарымыз: Нәби Даужанов, Талғат Әбдіхалықов, Ғалымжан Қаршығаев ағайларымызға және кураторымыз Гүлнәз Жақапбаева апайымызға алғысымды білдіремін.



**ТУЯКБАЕВА КАРАКОЗ АРЫСТАНБЕКОВНА**

*(2003-2008 жж., Ақпараттарды өңдеу мен басқарудың компьютерлік жүйелері мамандығы, 2010-2012 жж., Информатика мамандығы)*

**ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
БАҒДАРЛАМАЛАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ  
БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАШЫСЫ**



**Құрметті Бейбиткуль Сарсемханқызы!**

Сізді және профессор-оқытушылар мен студенттер құрамын еліміздің іргелі білім ордасының 85-жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Осы жылдар ішінде үздіксіз, жүйелі даму арқылы отандық білім мен ғылымның қарашаңырағы ретінде танылған университеттің еліміздің экономикалық, ғылыми, рухани өркендеуіне қосқан үлесі өлшеусіз. Алдағы уақытта да осылай жалғасын табуына тілектеспін. Мақсаты айқын, мәртебесі биік университет ұжымына шығармашылық табыс тілеймін! Жаңа Қазақстанның жаңашыл университеті болуына тілектеспін!



## **ТҰРСЫНБАЙ МУЛДААХМЕДҰЛЫ ҚҰЛАХМЕТ**

*(2011-2015 жж., Бастапқы әскери дайындық мамандығы)*

### **БЕЛГІЛІ КӘСІПҚОЙ БОКСШЫ**



Аймағымыздағы жетекші білім ордасы – Қорқыт Ата университетін 85 жылдық мерейтойымен құттықтаймын!

Мен үшін өзім оқыған, білім алған оқу орнының мәртебесі қашан да биік. Университет қабырғасында жүріп, түрлі деңгейдегі халықаралық, республикалық жарыстарға кеткенде үнемі тілеуімді тілеп, олжалы оралуым үшін тақымын қысып отыратын университет ұжымы – менің ең жақын тілеулестерім. Жеңіс тұғырынан көрініп, талай додада асығымыз алшысынан түскенде осы білім ордасы қуанышпен күтіп алып, мерейімізді өсіріп келеді. Шаршы алаңға шыққанда артымда қорғаушым бола білген, сүйінші сұрайтын хабарды асыға күтетін университетімді әрдайым мақтан етемін.

Тарихы тереңнен сыр шертетін оқу орнының беделі артып, заманауи маман даярлау жолындағы еңбектері табысты болсын! Қазақ елін әлемге танытатын тұлектерінің қатары арта берсін!





**ТҰЯҚБАЕВ ҒАБИТ ӘНЕШҰЛЫ**  
(1980-1984 жж., Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы)  
**ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ**  
**ПРОФЕССОРЫ, Ф.Ғ.К.**



Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетін 85 жылдық мерейтойымен құттықтаймын!

Мерейтой қарсаңында университет Азия елдері ЖОО арасында үздіктер қатарынан көрінді! Бұл оқу орны басшылығы мен оқытушы-қызметкерлерінің еселі еңбегінің нәтижесі!

Осынау қасиетті қарашаңырақтың түлегі екенімді мақтан тұтамын. Оның қабырғасында филология ғылымдарының докторы, профессор, түркітану мен шығыстанудың білгірі, әйгілі ғалым Ә.Қоңыратбаевтың дәрісін тыңдадық. Ә.Байжолов, Н.Жүнісов, М.Достанов, А.Шамшатова, Н.Нұржанов, Т.Тебегенов, Ж.Сәдуақасұлы, Б.Кәрібозұлы, т.б. ғалым-ұстаздарымыз болашаққа жол сілтеді, білім берді.

Ұстаздарымыздың ағалық алақаны, азаматтық болмысы, кісілік келбеті әлі ұмытылған жоқ. Бойымызда жылт еткен жақсылық, кішкентай да болса қолымыз жеткен жетістік болса ұстаз еңбегі деп білеміз. Еліміздегі іргелі білім ордасына айналған, толысқан, керегесі кеңейген университетімнің мерейтойы құтты болсын!



**УМИРБЕКОВА ГУЛЬНУР ИБРАГИМОВНА**

*(1994-1998 жж., Ауыл шаруашылығы саласындағы экономика мамандығы)*

**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫНЫҢ АҚТӨБЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫНЫҢ БАС МАМАНЫ**



Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымын құрылғанына 85 жыл толып отырған мерейлі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Киелі Сыр өңіріндегі іргелі жоғары оқу орнының аты да, заты да ерекше. Осы жылдардың аралығында оқу орнынан талай дарынды түлектер, депутаттар, қоғам және мемлекет қайраткерлері, өнер және мәдениет майталмандары, спорт саңлақтары шықты, осы заманға сай мамандарды даярлап, парасатты тұлғаларды тәрбиелеп шығарды.

Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде ерен еңбектеріңіз үшін ұстаздарымызға мың алғысымды айтам.

Университеттің ұжымына еңбекте табыс, отбасыларына бақыт тілеймін!



**УТЕБАЕВ САФУАН КАДЫРОВИЧ**  
( 1988-1992 жж., Дене тәрбиесі мамандығы)  
**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ "БЕКЕТ" ГАЗЕТІНІҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ**



Университеттің 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Университеттің өмір сүру кезеңдері мемлекетіміздің қалыптасу кезеңдерімен тығыз ұштасып келеді. Жоғары оқу орны бүгінде халқымызға дәйекті білім беріп, тәрбиелеп, сара жолға салған қарашаңырақретінде бүгінде биік тұғырдан көрініп жүр.

Мен оқуға түскен кезде білім ордасы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институт болып аталатын.1988 жылы ашылған «Дене тәрбиесі» мамандығы бойынша диплом алған алғашқы түлектердің бірімін.

Мен Қорқыт Ата университетінің түлегі болғанымды мақтан етемін!  
Білім мен тәрбие берген ұстаздарыма алғысым шексіз!

Киелі шаңырақтың мәртебесі өсіп, абыройы асқақтай берсін!



## **ЦОЙ РОМАН ДАНИЛОВИЧ**

*(1998-2002 гг., специальность - Международные отношения)*

**ДИРЕКТОР КЫЗЫЛОРДИНСКОГО ФИЛИАЛА АО «FIRST HEARTLAND  
JUSAN BANK», DBA**



### **Дорогие друзья!**

Кызылординский университет имени Коркыт Ата подарил мне самые теплые воспоминания о студенческих годах, дал самые важные знания. А также связал меня с командой КВН «Час Пик», в которой нашел верных друзей, единомышленников, команду, которая стала для меня семьей. В этот юбилейный год желаю любимому университету идти только вперед, не бояться вызовов и расширять горизонты событий.

Поздравляю Кызылординский университет имени Коркыт Ата с большой датой и желаю ему дальнейшего процветания, крупных открытий, ярких эмоций, долгих лет жизни, конечно же, талантливых и успешных выпускников!



**ЦОЙ АНАТОЛИЙ АЛЕКСАНДРОВИЧ**

*(2004-2008гг., специальность - Хореография)*

**ХОРЕОГРАФ ТАНЦЕВАЛЬНО СПОРТИВНОГО КЛУБА «ОРДА»,  
ТРЕНЕР ПО ПАРАТАНЦАМ (ТАНЦЫ НА КОЛЯСКАХ), ПРЕЗИДЕНТ  
ФЕДЕРАЦИИ ТАНЦЕВАЛЬНОГО СПОРТА**



**Дорогие педагоги, студенты и выпускники!**

Прежде всего хочу вас с юбилеем! Желаю чтобы наш университет продолжал процветать и с каждым годом выпускал достойных граждан Республики Казахстан.

Кызылординский университет имени Коркыт ата подарил самые теплые воспоминания о студенческих годах, дал самые важные знания, окружил меня заботой и поддержкой. В этот славный год хочу пожелать всем здоровья, счастья, успеха, радости и смеха!



## ШАЙТҰРСЫН ДӘУЛЕТ

*(2004-2008 жж., Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы)*

### АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ТІЛДЕРДІ ДАМУ ТАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ



Сыр елінің бас білім ордасы - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымын 85 жылдық мерейтойымен құттықтаймын. Университет ұжымы маған қоғамдық өмірге бейімделуді, адамдармен тез тіл табысуды, көшбасшы болуды, мансапқа жетуге ұмтылуды үйретті. Қазіргі жетістіктерім университет қабырғасында жүріп үйренген пайдалы білім мен қабілеттің жемісі десем артық емес. Университет үлкен табысқа жете берсін. Білікті, бәсекеге қабілетті тұлғалар көп болсын!





**ШАКИРОВА МАҚПАЛ ИМАНАЕВНА**

*(2001-2005 жж., Дәстүрлі музыкалық өнер (халық әні) мамандығы)*

**ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
«ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКА ӨНЕРІ ЖӘНЕ ХОРЕОГРАФИЯ»  
КАФЕДРАСЫНЫҢ АҒА ОҚЫТУШЫСЫ, ПЕДАГОГИКА  
ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ МАГИСТРІ**



**Университеттің 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен  
құттықтаймын!**

Аталмыш университеттен алған білімім үшін мыңда бір рахмет айтамын. Жоғары оқу орны бүгінде халқымызға дәйекті білім беріп, тәрбиелеп, сара жолға салған қара шаңырақ, еліміздегі еңселі де беделді оқу орындарының бірі болып саналады. Университет өзінің тарихын өнегелі бастамаларымен, өміршең істерімен жасай білді және іргелі ғылым ордасына, білімнің шын мәніндегі киелі шаңырағына айналды. Осы және өзге де жетістіктерге қашан да баға жетпес қастерлі құндылығымыз университет профессор - оқытушылар құрамының әлеуеті негізіндегі күллі ұжым мүшелерінің тынымсыз адал еңбегі арқасында ғана қол жеткізілді. Университеттің мақтан тұтар түлектері өздерінің терең білім-білігімен, зор шығармашылық әлеуетімен үнемі биіктен көрініп келеді.

Киелі шаңырақтың мәртебесі өсіп, болашақ ұрпақтың алар білімі мол болсын дегім келеді.



**ШАМШИЕВ АЛМАТ ШЕРДАРҰЛЫ**

*(2001-2005 жж., Хореография мамандығы)*

**ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АҒА  
ОҚЫТУШЫСЫ, ҚР ҮЗДІК БАЛЕТМЕЙСТЕРІ**



**Құрметті Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің  
ұжымы!**

Сіздерді 85-жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын. Мен осы университеттің түлегі екеніме мақтанамын. Үнемі көз алдыма студенттік кезімдегі іс-шаралар, қызықты күндер келеді.

Университетіміздің атынан талай рет халықаралық, республикалық, аймақтық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болдым. Барлық ұстаздарыма алғысым шексіз! Өсе бер, өрлей бер университетім менің!



**ШЕГЕНОВА АЙЖАН АРИПЖАНОВНА**

*(2000-2004 гг., специальность - Финансы и кредит)*

**ЗАМЕСТИТЕЛЬ ДИРЕКТОРА ФИЛИАЛА АО «БАНК ФРИДОМ ФИНАНС  
КАЗАХСТАН» В г.АСТАНА**



**От всего сердца поздравляю наш университет с юбилеем!**

85 лет – солидный срок для любого учебного заведения, а в случае с Кызылординским университетом имени Коркыт Ата он говорит о неизменно высоком качестве образования, о наличии традиций, о достойных предшественниках, на которых нам хочется равняться. Отдельно хочу поблагодарить преподавателей, которые дали нам «путевку в жизнь». Горжусь тем, что училась именно здесь. Диплом нашего университета всегда был знаком качества, который открывает выпускникам любые двери в карьере, и я уверена, что так будет всегда!

## МАЗМҰНЫ:

<i>Абдрасилов Болатбек Серікбайұлы.....</i>	<i>6</i>
<i>Абайдуллаев Мақсат Серікбайұлы.....</i>	<i>8</i>
<i>Абдуразакова София Ринатовна.....</i>	<i>9</i>
<i>Абдулхасанов Алексей Ильясевич.....</i>	<i>10</i>
<i>Абдразаков Шаттық Байжігітұлы.....</i>	<i>11</i>
<i>Аймаханова Назира Кенжебекқызы.....</i>	<i>12</i>
<i>Аманова Жанна Нурлановна.....</i>	<i>13</i>
<i>Аманбаев Нұрлан Нұрасылұлы.....</i>	<i>14</i>
<i>Акжигитова Индира Сансызбаевна.....</i>	<i>15</i>
<i>Алдабергенова Жанар Байшораевна.....</i>	<i>16</i>
<i>Алматов Алмасбек Нұрмаханұлы.....</i>	<i>17</i>
<i>Андижанов Тимур Алдамжарович.....</i>	<i>18</i>
<i>Аппазов Нұрбол Орынбасарұлы.....</i>	<i>19</i>
<i>Арзықұлова Ақсұлу Саңғалиқызы.....</i>	<i>20</i>
<i>Аскарова (Абилова) Айнур Калдыбаевна.....</i>	<i>21</i>
<i>Асанова Молдир Кожаметовна.....</i>	<i>22</i>
<i>Асембаева Асель Игликовна.....</i>	<i>23</i>
<i>Атанбаева Жайна Жанузаковна.....</i>	<i>24</i>
<i>Ахметова Эльмира Казыбаевна.....</i>	<i>25</i>
<i>Ахметова Айнур Жаппасбаевна.....</i>	<i>26</i>
<i>Ахметов Сәкен Төлеутайұлы.....</i>	<i>27</i>
<i>Әбікенов Жарқынбек Оралбекұлы.....</i>	<i>28</i>
<i>Әбішев Бауыржан Әлтайұлы.....</i>	<i>29</i>
<i>Әждар Дәулет Ғалымбекұлы.....</i>	<i>30</i>
<i>Әмірова Гүлдерай Базарбекқызы.....</i>	<i>31</i>
<i>Байманов Шахмардан Асқарұлы.....</i>	<i>32</i>
<i>Базарханова Маржан Бекзатхановна.....</i>	<i>33</i>
<i>Базарбаева Құндызай Халилуллақызы.....</i>	<i>34</i>
<i>Бақбергенова Ботагөз Нұрлыбекқызы.....</i>	<i>35</i>
<i>Балтабекова Галия Игиликовна.....</i>	<i>36</i>
<i>Бекенова Айнур Ерталаповна.....</i>	<i>37</i>
<i>Бекенова Мөлдір Қазбекқызы.....</i>	<i>38</i>
<i>Белдебекова Айзада Сейсенбайқызы.....</i>	<i>39</i>
<i>Боранбаева Айгуль Амангельдиевна.....</i>	<i>40</i>
<i>Витченко Денис Валерьевич.....</i>	<i>41</i>
<i>Горбачев Павел Владимирович.....</i>	<i>42</i>
<i>Дауылбай Мақсат.....</i>	<i>43</i>
<i>Дәуренбеков Қуаныш Қойшығұлұлы.....</i>	<i>44</i>
<i>Дузельбаева Гульшат Берикбаевна.....</i>	<i>45</i>
<i>Еділбаев Нұржан Басқосқанұлы.....</i>	<i>46</i>
<i>Есиркепов Жандос Мергенбайұлы.....</i>	<i>47</i>
<i>Ермаханова Бекзада Еркеновна.....</i>	<i>48</i>
<i>Ембергенова Калдыгул Тобашевна.....</i>	<i>49</i>

<i>Елеуов Еркебулан Алдабергенұлы.....</i>	<i>50</i>
<i>Жабағиев Аслан Мухамедиярович.....</i>	<i>51</i>
<i>Жакибаева Мира Актилекқызы.....</i>	<i>52</i>
<i>Жалимбетов Қайрат Тыныштықұлы.....</i>	<i>53</i>
<i>Жаңбырбай Орынбек Жаңбырбайұлы.....</i>	<i>54</i>
<i>Жанұзақов Қуаныш Қуантқанұлы.....</i>	<i>55</i>
<i>Жарекеева Үйтолған Найзағұлқызы.....</i>	<i>56</i>
<i>Жақсылық Бақытжан Сапарғалиұлы.....</i>	<i>57</i>
<i>Жақсылықова Гүлбану Жақсылыққызы.....</i>	<i>58</i>
<i>Жаппасбаев Жомарт Жумабекович.....</i>	<i>59</i>
<i>Жеңіс Сәдуақасұлы.....</i>	<i>60</i>
<i>Жолаханова Келбет Куншығарқызы.....</i>	<i>61</i>
<i>Жолтаева Шырын Жагипаровна.....</i>	<i>62</i>
<i>Жорабек Медет Ерданаұлы.....</i>	<i>63</i>
<i>Жүнісов Абайбек Талғатұлы.....</i>	<i>64</i>
<i>Ибадулла Сабит Ибадуллаұлы.....</i>	<i>65</i>
<i>Ибадуллаева Динара Дуйсенбековна.....</i>	<i>66</i>
<i>Ибадуллаева Салтанат Жарылқасынқызы.....</i>	<i>67</i>
<i>Ибрагимовна Нурайм Жанибековна.....</i>	<i>68</i>
<i>Ибрагим Асхат Жорабекұлы.....</i>	<i>69</i>
<i>Ибрагим Рауан Ибрагимұлы.....</i>	<i>70</i>
<i>Ибраева Нағима Нұрмұратқызы.....</i>	<i>71</i>
<i>Ибраев Уалихан Серікұлы.....</i>	<i>72</i>
<i>Идрисова Асель Бекзатхановна.....</i>	<i>73</i>
<i>Иманов Айдос Жаметұлы.....</i>	<i>74</i>
<i>Исағабылов Мақсат Аманбайұлы.....</i>	<i>75</i>
<i>Кеншилик Роллан.....</i>	<i>76</i>
<i>Кукетов Берик Алпысбаевич.....</i>	<i>77</i>
<i>Кушеков Марат Жубатканович.....</i>	<i>78</i>
<i>Күзембаева /Маденова/ Гүлнар Алпысбайқызы.....</i>	<i>79</i>
<i>Козыбаева Загира Дарменовна.....</i>	<i>80</i>
<i>Когай Елена Юрьевна.....</i>	<i>81</i>
<i>Қалданов Қайрулла Жетпісұлы.....</i>	<i>82</i>
<i>Қуандық Данагүл Сейітжағыпарқызы.....</i>	<i>83</i>
<i>Қуандықова Гүлжайна.....</i>	<i>84</i>
<i>Құлмырза Гаухар Бекмұрзақызы.....</i>	<i>85</i>
<i>Құлмырзаев Ерлан Серікұлы.....</i>	<i>86</i>
<i>Маденов Серікболсын Бекболатұлы.....</i>	<i>87</i>
<i>Марданшина Гүльнара Мусағитовна.....</i>	<i>88</i>
<i>Махмұтов Болат Бижанұлы.....</i>	<i>89</i>
<i>Мендибаева Мулдір Болатбековна.....</i>	<i>90</i>
<i>Меңлібаев Еркебұлан Қайырбекұлы.....</i>	<i>91</i>
<i>Мусаева Алия Нурлановна.....</i>	<i>92</i>
<i>Мусаев Ерлан Нурланович.....</i>	<i>93</i>
<i>Мусаева Эльмира Абибуллаевна.....</i>	<i>94</i>

<i>Мишукова Наталья Валентиновна</i> .....	95
<i>Мырзабай Асқат Саматұлы</i> .....	96
<i>Мырзахметова Сандугаш Ертаевна</i> .....	97
<i>Набат Думан Сафуанұлы</i> .....	98
<i>Налибаев Бағдат Женсикбаевич</i> .....	99
<i>Насипова Сабира Борбасовна</i> .....	100
<i>Омаров Қазыбек Опабекұлы</i> .....	101
<i>Оразмаханов Жандос Шынжырбайұлы</i> .....	102
<i>Орынғалиев Аслан Абдрахманович</i> .....	103
<i>Өмірзақ Мақсат Жамбылұлы</i> .....	104
<i>Өмірзақ Анар</i> .....	105
<i>Өткелбай Бибінұр Амангелдіқызы</i> .....	106
<i>Садыбекова Салима Избасқанқызы</i> .....	107
<i>Сактаганова Наргуль Амановна</i> .....	108
<i>Сардарова Эльвира Асанбековна</i> .....	109
<i>Сариев Раушанбек Абилдаевич</i> .....	110
<i>Сәулебек Ғалымжан Бекмырзақұлы</i> .....	111
<i>Серікбай Әсел Арманқызы</i> .....	112
<i>Серікбаева Валентина Ержанқызы</i> .....	113
<i>Сулейменқызы Айнұр</i> .....	114
<i>Суюндыков Женисбек Абдысаттарович</i> .....	115
<i>Тажимов Серик Мейрбекович</i> .....	116
<i>Тажмаханов Жағыпар Айтбайұлы</i> .....	117
<i>Тәжекеев Әзілхан Әуезханұлы</i> .....	118
<i>Темирова Акмарал Болатовна</i> .....	119
<i>Темирбулатова Айнур Ахматовна</i> .....	120
<i>Тобаева Айнұр Шорабекқызы</i> .....	121
<i>Тобашова Джамия Файзуллаевна</i> .....	122
<i>Токанова Жулдыз Тлеубергеновна</i> .....	123
<i>Токанова Нургуль Кабдрашитқызы</i> .....	124
<i>Тулендиев Ерлан Ернисович</i> .....	125
<i>Туребаев Мухит Муратбекович</i> .....	126
<i>Туякбаева Каракоз Арыстанбековна</i> .....	127
<i>Тұрсынбай Мулдаахмедұлы Құлахмет</i> .....	128
<i>Тұяқбаев Ғабит Әнешұлы</i> .....	129
<i>Умирбекова Гульнур Ибрагимовна</i> .....	130
<i>Утебаев Сафуан Кадырович</i> .....	131
<i>Цой Роман Данилович</i> .....	132
<i>Цой Анатолий Александрович</i> .....	133
<i>Шайтұрсын Дәулет</i> .....	134
<i>Шакирова Мақпал Иманаевна</i> .....	135
<i>Шамшиев Алмат Шердарұлы</i> .....	136
<i>Шегенова Айжан Арипжановна</i> .....	137